

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 маусымдағы N 542 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қыркүйектегі N 1331 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.09. N 1331 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы Бердібек Машбекұлы Сапарбаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы

**адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу
кезінде бірлескен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық
туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі (б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р) ,

қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында (бұдан әрі - шекара) ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылуды басшылыққа ала отырып, шекара арқылы өткізу кезінде адамдарды, тауарларды, сондай-ақ көлік құралдарын бақылауды жетілдіру мен жақсартуға ұмтыла отырып, шекарада әртүрлі бақылау қызметтері жүзеге асыратын бақылау шаралары шекара арқылы адамдарды, тауарларды және көлік құралдарын өткізу рәсімдерін оңайлатуға ықпал етпейтінін назарға ала отырып, бақылаудың бұл түрлерін жүргізу жағдайы айтарлықтай мөлшерде олардың мақсатына және тиімділігін төмендетпестен лайықты жүргізуге залал келтірместен оңайлатылуы мүмкін екендігін мойындай отырып, бірлескен бақылау жүргізудің шарттарын келісу бұл мақсаттарға қол жеткізуге арналған маңызды құралдардың бірін білдіретіндігіне көз жеткізе о т ы р ы п ,

бақылаушы органдар арасында ынтымақтастық жолымен Тараптар арасындағы жолаушылар және жүк қатынастарын дамытуға және жеделдетуге ы қ п а л е т у г е ұ м т ы л а отырып,

Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары арасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен нығайтуға ұмтыла отырып, тату көршілік қарым-қатынасты, оның ішінде шекара және кеден ісі саласындағы ынтымақтастық арқылы да дамытуды қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

О с ы К е л і с і м г е с ә й к е с :

а) "бақылаушы органдар" - оларға Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес өткізу пункттерінде мемлекеттік бақылау функциялары жүктелген шекара, кеден және басқа да мемлекеттік бақылау органдары;

б) "бірлескен бақылау" - Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары бақылау рәсімдерін оңайлату үшін шекара арқылы адамдарды, тауарларды және көлік құралдарын өткізу кезінде бірлесіп және келісіп қолданатын және жүзеге асыратын іс-қимылдардың, шаралардың, бақылау әдістерінің, құралдары мен н ы с а н д а р ы н ы ң ж и ы н т ы ғ ы ;

- в) "адам" - кез-келген заңды немесе жеке тұлға;
- г) "бірлескен өткізу пункті" - бір немесе екінші Тарап мемлекетінің бірлескен бақылау жүзеге асырылатын өткізу пункті;
- д) "лауазымды тұлғалар" - Тараптар мемлекеттері бақылаушы органдарының шекарада бірлескен өткізу пункттері арқылы адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының өтуіне бірлескен бақылауды жүзеге асыратын ауысымдық қызметкерлері.

2-бап

1. Шекара арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібін оңайлату үшін осы Келісімнің бірлескен бақылау, атап айтқанда, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен айқындалған бақылаудың басқа түрлерін жүргізу жолымен формалдылықтарды қысқарту мақсаты бар.

2. Бірлескен бақылауды бірлескен өткізу пункттері аумағының шегінде Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары жүзеге асырады.

3. Шекара арқылы адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап

Бірлескен өткізу пункттері тиісті түрде жұмыс істеуі үшін:

- а) жеткілікті мөлшерде білікті қызметкерлермен;
- б) бірлескен бақылау жүргізу үшін ғимараттар, құрылыстар кешенімен, жабдықтармен, қондырғылар мен техникалық бақылау құралдарымен;
- в) олар мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес әрекет етуі үшін лауазымды тұлғаларға арналған ресми нұсқаулықтармен қамтамасыз етіледі.

4-бап

1. Бірлескен бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес дереу қажетті ақпаратпен алмасады.

2. Жүргізілген бірлескен бақылау нәтижелерінің негізінде Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес осы адаммен, тауармен және көлік құралымен одан әрі не істеу керектігі туралы шешім қабылдайды және қажет болған жағдайда ол туралы Тараптар мемлекеттерінің өзге бақылау органдарын хабардар етеді.

3. Бір жерде бақылаудың бірнеше түрін жүргізген жағдайда Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары бақылауды бір мезгілде және жылдам жүргізу үшін барлық мүмкін болатын тиісті шараларды қабылдайды.

5-бап

1. Тараптар дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен бір Тарап мемлекетінің бақылаушы органдары басқа Тарап мемлекетінің аумағында бірлескен бақылауды жүзеге асыратын бірлескен бақылау пункттерін анықтайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары бірлескен өткізу пункттері аумағының шегінде бірлескен бақылауды жүзеге асырады.

6-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары бірлескен өткізу пункттерінде бірлескен бақылауды жүзеге асыруға байланысты іс-шарларды үйлестіреді.

2. Тараптар мемлекеттері лауазымды тұлғаларының ауысымы бірлескен бақылау процесі тоқтамайтындай етіліп жүргізіледі.

7-бап

1. Осы Келісімнің бірде-бір ережесі Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қоғамдық тәртіп және ұлттық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны, мәдени мұраларды немесе зияткерлік меншікті қорғау пайымдаулары тұрғысында адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге қатысты тыйымдарды немесе шектеулерді енгізуге кедергі жасамайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары қажет болған жағдайда (эпидемиялар, эпизоотиялар, табиғи апаттар немесе төтенше жағдайлар) белгісіз мерзімге бақылауды өз мемлекетінің аумағында жүзеге асыруға оралуы мүмкін. Бұл ретте, басқа Тарап мемлекетінің бақылаушы органдары бұл туралы дереу хабардар етіледі.

8-бап

Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары бірлескен бақылау мақсаттары үшін пайдаланылған бірдейлендіру құралдарын, сондай-ақ құжаттарды өзара негізде таниды.

9-бап

1. Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын бірінші болып бақылауды көрсетілген адамдар, тауарлар мен көлік құралдары аумағынан кететін Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Бұл Тараптың лауазымды тұлғаларының бақылауды жүзеге асыруы тиісті құжаттарға мөртаңбалар мен мөрлер қойылғаннан және оларды басқа Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғаларына бергеннен кейін тоқтатылады.

2. Бұл Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары қайталама бақылауды аумағына адамдар, тауарлар мен көлік құралдары өтетін басқа Тарап мемлекетінің бақылаушы органдарының келісімінен кейін жүзеге асыруы мүмкін.

3. Бір Тарап мемлекетінің басқа Тарап мемлекетінің аумағында бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалары өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес шекарадан өтетін адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін тоқтата, оларды басқа мемлекеттің аумағына қайтара немесе өз мемлекетінің аумағына бірге алып жүре алады.

4. Осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдаяттар туындаған жағдайда, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын бұзудың немесе бұзуға әрекет жасаудың айғақтарын жинақтауды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар бір біріне қажетті көмек беруге міндеттенеді.

10-бап

Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын өткізу бөлігінде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын, сондай-ақ шекара арқылы өту ережелерін бұзушылықтар анықталған жағдайларда, құқық бұзушылық жасаған тұлға аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

11-бап

Тараптар мемлекеттерінің шекара қызметтері бірлескен өткізу пункттерінде Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тұрақты тұратын, шекарадан өту ережелерін бұзғаны үшін ұсталған жеке адамдарды қабылдап алу-беруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдайды.

12-бап

1. Аумағында бақылау жүзеге асырылатын Тарап басқа Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғаларына өз функцияларын жүзеге асыруға, сондай-ақ оның лауазымды тұлғалары пайдаланатын осындай көмек пен құқықтық қорғалуды

а л у ғ а м ү м к і н д і к б е р е д і .

2. Бір Тарап мемлекетінің өз функцияларын орындауға байланысты басқа Тарап мемлекетінің аумағында болатын лауазымды тұлғалары егер, осы Келісіммен өзгеше көзделмесе аумағында болатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

3. Бір Тарап мемлекетінің басқа Тарап мемлекетінің аумағында бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларын орналастыру және ауыстыру Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдарының арасындағы уағдаластықтың негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы Келісімге сәйкес басқа Тарап мемлекетінің аумағында бірлескен өткізу пункті аумағының шегінде бақылауды жүзеге асыратын Тараптардың бірінің мемлекетінің лауазымды тұлғалары өз мемлекеті белгілеген нысанды киім киеді, қызметтік айырма белгілерін тағады, өздерінде қызметтік куәліктері болады және қызметтік жануарлары, сондай-ақ техникалық бақылау құралдары болуы мүмкін.

5. Бір Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары басқа Тарап мемлекетінің аумағында келтірген залалдарының орнын толтыруға байланысты кінәраттар аталған лауазымды тұлға азаматы болып табылатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес анықталады.

13-бап

1. Бірлескен өткізу пункттерінің объектілерін, сондай-ақ онда болатын адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын қорғауды аумағында бақылау жүзеге асырылатын Тарап мемлекетінің шекаралық бақылау органдары қамтамасыз етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген органдар шекарадан бірлескен бақылау жүргізетін орынға дейінгі жолдағы қозғалыстарды бақылауды қамтамасыз етеді.

14-бап

1. Басқа Тарап мемлекетінің аумағында кедендік және басқа да бақылау түрлерін жүргізу үшін қажетті бір Тарап мемлекетінің бақылаушы органдарының қызметтік құжаттары осы Тарап мемлекеті органдарының бақылауына жатпайды.

2. Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары қызметкерлерінің өз функцияларын жүзеге асыру кезінде пайдаланатын қызметтік көлік құралдары және жеке заттары оларды кері әкету шартымен баждар, салықтар және басқа да төлемдерден босатылады.

3. Осы баптың 2-тармағында сөз болып отырған көлік құралдары бірлескен өткізу пункттері аумағының шегінде болатын Тарап мемлекетінің осы үшін белгіленген жерінде орналасады.

15-бап

1. Тиісті органдар Тарап мемлекетінің болу аумағында байланыс желілерін, деректерді электронды өңдеу үшін байланыс құралдары мен жабдықтарын орнатады, оларды басқа Тарап мемлекетінің бақылаушы органдарының қажеттіліктері үшін пайдалануға жарамды, тиісті жағдайда ұстайды.

2. Басқа Тарап мемлекетінің аумағында өз функцияларын орындайтын Тараптардың бірінің мемлекетінің бақылаушы органдары олар өз тарабы мемлекетінің аумағында осындай әрекеттерді орындау үшін пайдаланатын радиобайланыс құралдарын пайдалана алады.

3. 2-тармақта аталғандарды пайдалану басқа Тараптың радиобайланысының жұмысына кедергі жасамауы керек.

16-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғалары басқа Тарап мемлекетінің бірлескен өткізу пункттерінде міндеттерін орындау үшін баратын Тараптың тиісті органдары берген шекаралық рұқсат қағаздарының негізінде шекарадан ө т е д і .

2. Тараптар мемлекеттерінің шекара қызметтері шекаралық рұқсат қағаздарының үлгілерімен алмасады.

17-бап

Бірлескен өткізу пункттерінің құрылысын салу және жабдықтармен, қондырғылармен және техникалық бақылау құралдарымен жарақтандыру, сондай-ақ оларды пайдалану мен іске қосу Тараптар арасындағы уағдаластық жолымен анықталады.

18-бап

1. Жеке автомобильдерімен өтетін жеке адамдарды бірлескен бақылау тікелей қозғалыс жолдарында жүргізіледі.

2. Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын бірлескен бақылау, сондай-ақ олардың салдарынан қозғалыстың кідіруі мүмкін болатын басқа да әрекеттерді жүзеге асыру бірлескен өткізу пункттері аумағының шегінде арнайы оқшауланған жерлерде жүзеге асырылады.

19-бап

Осы Келісім бірлескен өткізу пункттеріндегі құрғақтағы шекарадан өтетін барлық адамдарға, тауарлар мен көлік құралдарына қолданылады.

20-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдарының арасынан бірлескен өткізу пункттерінің жұмыс істеуі мәселелері жөніндегі қазақстан-ресей комиссиясы құрылады.

21-бап

Тараптар мемлекеттерінің осы Келісімнің ережелерін орындау үшін жауапты бақылаушы органдары бірлескен бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғаларының тізімімен алмасады.

22-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап үш айдың ішінде Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдары әрбір бірлескен өткізу пункттері үшін жеке бірлескен бақылауды жүзеге асырудың технологиялық кестелерін әзірлейді.

23-бап

1. Келісімнің мазмұнын түсіндіруге қатысы бар даулар дипломатиялық арналар бойынша шешілетін болады.

2. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Келісімнің 25-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енетін тиісті хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

24-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген жағдайда, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражаттың шегінде дербес көтереді.

25-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізгендігі туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірінің басқа Тараптың өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2005 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*